



Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 желтоқсан N 1548. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 32 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетіне төрағаның 1 орынбасарын, сондай-ақ саны 7 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және

сертификаттау жөніндегі орталық аппараты үшін 2 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1795 қаулысы:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1795 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 тамыздағы N 973 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы

18 желтоқсандағы

N 1548 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология

және сертификаттау жөніндегі комитеті орталық
аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Стандарттау, сертификаттау және заңдық метрология
басқармасы

Стандарттауды және лицензиялауды мемлекеттік қадағалау
басқармасы

Қаржы-экономикалық талдау, есеп және ұйымдастыру-кадр
жұмысы басқармасы